

Қазақстанда да мемлекеттік саясаттың көптеген аспектілері болуы тиіс екендігін дәлелдей алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Заиченко Н.А. Факторы экономики и рынка труда, формирующие спрос на рабочие профессии// Развитие экономики в нестабильной международной политической ситуации. – 2016. – 95–102 б.
2. Налог для самозанятых: как он работает и сколько надо платить. 2019. <https://journal.tinkoff.ru/news/samozanyatyue-2019/>
3. Туарменский В.В., Иванов Е.С., Барановский А.В. Сравнительный анализ мотивов профессионального выбора студентов государственного ВУЗа // Человеческий капитал. – 2017. – № 6 (102). – С. 49–51.
4. Starting Your Self-Employed Journey? <https://goselfemployed.co/what-is-self-employment/>
5. Что самозанятым нужно знать о налогах?. 2020. <https://www.seb.lv/ru/info/pensiya/chto-samozanyatym-nuzhno-znat-o-nalogaх>
6. How to become Self-Employed in Germany. 2020. <https://getpenta.com/en/blog/how-to-become-self-employed-in-germany/>
7. Налог на самозанятость в странах Европы и США. <https://ozakone.com/nalogi/nalog-na-samozanyatyh-v-drugih-stranah.html>
8. Горина К.В. Занятость населения как отражение уровня качества жизни жителей территории // Записки забайкальского отделения русского географического общества. Чита, 2016. – 173–178 б.

УДК 33.338.1

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Съезд Асель

asuaqmadya@gmail.com

Бопетай Гүлдана Бауыржанқызы

bopetayguldana@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ауелбекова А.Қ.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата-бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздік таңын аңсаған ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды десек қателеспейміз. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы арнайы әңгімеге үздіксіз тиек боларлықтай ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашан естен шығармауы керек. Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді. Сондықтан о бастан-ақ рулар тайпаларға, тайпалар одақтарға, ал тайпалық одақтар елге, халыққа айналу үшін үздіксіз күресті, жан алысып, жан берісті. Өйткені халық болып қалыптаспай, тәуелсіздікті баянды түрде қолда ұстап тұру да мүмкін емес еді. Мұны бұрынғылар жақсы түсінді [1].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы қазақ халқының тарихындағы шын мәніндегі ұлы оқиға болды. Сол тәуелсіздігімізге міне 30 жылда болып қалыпты. Тарих үшін 30 жыл бұл тез өтіп кететін уақыт болса, көптеген халықтар үшін бұл қиындықтар мен қуаныштардың, дағдарыстар мен көтерілістердің дәуірі болуы мүмкін. Осы жылдар ішінде Қазақстан көптеген нәтижелерге қол жеткізді, түрлі даму сатыларынан өтті. Бүгінде қазақ халқының әлем халықтарымен терезесі тең, іргелі ел болды. Бұған дейін орталықтың шикізат базасы, арзан еңбек күші ретінде пайдаланылып келген республика меншіктің көптүрлілігіне негізделген нарықтық қатынастарға көшу отырып, экономикалық өрлеу жолына түсті. Дүниежүзі мемлекеттерімен экономикалық байланыстар артты. Тәуелсіз

Қазақстан демократиялық даму жолын қалаған, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет болып құрылды. Республика тұрғындары азаматтық еркіндік пен әлеуметтік теңдікті сезіне бастады. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер құрылды. Бұқаралық ақпарат идеологиялық бақылаудан құтылды. Пікірдің алуан түрлілігіне жол берілді. Ұлтаралық қатынастардың нағыз келбеті ашылды. 2000 жылдан кейінгі кезеңде ел экономикасы біртіндеп дағдарыстан шықты, онда өрлеу нышандары байқала бастады. Қазақстан экономикасы экспортқа бағытталған түпкілікті өнім өндіруге, мұнай-газ тасымалы, машина жасау, металлургия, химия, агроөнеркәсіп салаларының тармақтары бойынша бірлескен кәсіпорындар салуға бағытталды. Сыртқы саясат бағдарының айқындалды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі аз уақыт ішінде Қазақстанның сыртқы саясатта ұстанатын бағыттары айқындалды. Еуразия құрлығының орталығында орналасқан Қазақстанның геосаяси жағдайы, этностық құрамының күрделілігі және ашық тұрпатты нарық қатынастарына ұмтылысы оған сыртқы саясатта бейбітшілікті жақтау бағытын ұстану қажеттігін алға тартты.

Тәуелсіздіктің 30 жылында Қазақстан көптеген нәтижелерге қол жеткізді, егер жергілікті жерлерде сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік мүдделерге нұқсан келтіре отырып, жеке мүдделерге қойылған міндеттерді тиісінше орындамау сияқты адами фактор болмаса, нәтижелер неғұрлым салмақты және ауқымды болар еді. Яғни еліміздің дамуына кедергі болып тұрған бірқатар өзекті мәселелер бар. Екі жаңғырту жүргізілді. Бірінші жаңғырту жаңа мемлекеттің қалыптасу кезеңін, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшуді, саяси және экономикалық жүйенің дамуын қамтиды. Екінші жаңғырту "Стратегия-2030" қабылдау кезеңін және экономикалық өсіммен қатар жүретін жаңа астананы құрудың стратегиялық шешімін қабылдауды қамтиды, жан басына шаққандағы ЖІӨ 1200 долларды құрады.

Қазір біз үшінші жаңғыртуды бастан кешірудеміз, ол бес басым міндетті қамтиды:

- технологиялық жаңғырту;
- бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту;
- макроэкономикалық тұрақтылық;
- адами капиталдың сапасын жақсарту;
- институционалдық өзгерістер, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – Еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі. Бұл жұмыста ешқандай көз бояушылыққа, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге жол берілмеуге тиіс. Талап қатаң болуы керек [2].

Шикізат экономикасындағы мәселе. Қазақстан экономикасының шикізаттық бағыттылығының салдарын жоюға экономиканы белсенді әртараптандыру көмектеседі, оның дәрежесі мен қарқынына экономиканың шикізатқа тәуелділіктен қаншалықты тез арылатыны және минералдық ресурстар экспортын ұлғайту үрдісі және тауарлар импорты есебінен экономиканың негізгі қажеттіліктерін жабу тәуелді болады. Шикізаттық емес экспортты ынталандыру үшін сауда саясатының шаралары ғана жеткіліксіз. Салық жүйесінің, мемлекеттік реттеудің жұмыс қағидаттарын өзгерту, бизнес жүргізудің әкімшілік шығындарын азайту қажет. Макроэкономикалық саясат жиынтық факторлық өнімділікті арттыруға, аяқталған технологиялық кешендерді құруға, жоғары технологиялық салалардағы өндірістер санын өсіруге бағытталуы тиіс.

Білім беру саласындағы мәселе. Орта білім деңгейі орта немесе одан да көп деңгейде, негізінен мектеп пен мұғалімдердің біліктілігіне байланысты. Алайда оқытушылардың төмен жалақысы, оқытудың дұрыс емес жүйесі (оқушылар бағалау үшін оқығанда, тесттерді жаттаумен айналысқанда) ҚР-дағы орта білім берудің өте өзекті проблемалары болып табылады. Айналып келгенде бұл да жемқорлыққа алып келуі мүмкін [3].

Дүниежүзілік пандемияның Қазақстан экономикасына әсері. Дүниежүзін шарпыған пандемия Қазақстанды да айналып өтпегендігі белгілі. Бұл індеттен құтылу қазір Қазақстанның күн тәртібінде тұрған, әлемдік маңызы бар мәселе болғандықтан ел экономикасына айтарлықтай үлкен соққы болып тигені анық. Сондықтан бұл мәселені де өзекті деп алып экономикалық дамуға қандай зардаптар келтіргендігі туралы айтайық. Халықаралық

сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның ЖІӨ-нің төмендеуі 2020 жылы 3%-ды құрады, алайда 2021 жылы экономиканың 5,5% деңгейінде өсуі күтілуде. ЖІӨ-нің төмендеуі шикізат бағасының неғұрлым төмен болуы, мұнай өндіру көлемінің жоспарланған қысқаруы және оқшаулау шараларының әсері аясында заңды болып табылады. Бұл бөлшек сауда, көлік және қонақ үй бизнесі секторларының баяулауына әкеледі. Бірақ келесі жылы біздің еліміз мұнай бағасын ішінара қалпына келтіріп, ішкі сұранысты қалпына келтіргеннен кейін күш-қуатын қалпына келтіріп, ұлттық экономиканың өсуі байқалады. Экономиканың құлдырауына, мұнайдың төмен бағасына, оны өндіру көлемінің жоспарлы қысқаруына және теңгенің әлсіздігіне әсер ететін факторлар қатарында. Сонымен қатар, "Қазақстанның бизнес пен ішкі сұранысты қолдау үшін жеткілікті бюджеттік-қаржылық мүмкіндіктері мен валюталық резервтері бар". Банк секторы өтімді болып табылады және экономиканы несиелеу негізінен кредиторлардың тәуекелдерді жоғары бағалауымен шектеледі. Сондай-ақ, мамандар Үкіметтің зардап шеккен кәсіпорындар мен үй шаруашылығына көмектесу үшін тез әрекетке көшті. Ал халықтың жағдайына келер болсақ, жұртшылықтың көпшілігі санитарлық талапты сақтамай, босаңсып кеткен соң індет өршіп, еліміздегі коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны күрт көбейді. Ауруханаларда орын тапшы болды. Жедел жәрдем станцияларына түсетін қоңырау екі есеге артты. Елімізде карантин шаралары қайтадан өз күшіне енді. Мамандардың сөзінше, бұрынғы карантин уақытында, осындай шаралардың арқасында ел ішіндегі эпидемиалар біршама жақсарған болатын. Қазіргі таңда Қазақстан QazCovid-in коронавирустың алдын алуға және оған қарсы өз вакцинасын әзірледі, сондай-ақ ресейлік "Спутник V" вакцинасы пайдаланылуда. Не болса да соңы жақсы болады деп күткен, шыдамды, қайсар халықпыз, сол ниетімізден таймай бұл қиындықты да еңсеретінімізге сенейік [4].

Биылғы жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы акциялар мен пафостық іс-шаралар форматынан алыстап, нақты іс-шаралармен атап өтіледі. Сондай-ақ, Президент атап өткендей, "мерейтой экономикалық және саяси реформалар, цифрландыру, балалар мен мүгедектердің құқықтарын қорғау, экология проблемаларын шешу белгісімен өтеді". Бұл уақтылы және дұрыс шешім, тарихи маңызды күндерді идеологиялық тұрғыдан атап өту қажет.

Кез келген ел сияқты Тәуелсіз Қазақстан да өз халқының жоғары өмір сүру деңгейіне, заманауи технологияларға негізделген өркендеген экономикаға, сыртқы саясатта тең құқықты қатынастар құруға ұмтылады. Ұлы Дала Елі – ұлттық тарихымыздың мыңжылдықтары мен Тәуелсіздіктің ұлы жетістіктерін ұштастырып жатыр. Біз көптеген сынақтардан абыроймен өттік, шындалдық, рухымыз бекіді. Біз Ұлы Дала Елі – жаңа Қазақстанды – Ұлы даланың жаңарған Елін құрдық. Тәуелсіздік - бұл барлық азаматтардың бірлескен күш-жігерімен қорғалуы және нығайтылуы қажет нәзік нәрсе екенін есте ұстаған жөн [5].

Баршамыз талап қылып, халық болып жұмылған еңбектің арқасында, қалыптасқан мемлекетіміздің тұғырын бекітіп, кемел келешекке қарыштап қадам басып келеміз. Тәуелсіз Қазақстан тарихының басты тағылымы мынада: кез келген тығырықтан жол тауып, кедергіні – мүмкіндікке, тәуекелді табысқа айналдырып, ең асқақ арманға қол жеткізу әркімнің өз қолында.

Жеңіс пен жетістік – жасқанбай алға ұмтылғанның еншісінде. Қазақстанды жоғары дамыған мемлекетке айналдыратын – азат ойлы, жаңашыл да жасампаз азаматтары. Ол үшін әркім жан-жақты және кемел білімге ден қойып, қажырлы еңбек пен өзін-өзі толассыз жетілдіруді өмір салтына айналдыруы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://akt.sud.kz/kaz/massmedia/tuelsizdik-el-tugyry-0>
2. <https://bilim-all.kz/article/14153-Tauelsizdikke-30-zhyl>
3. <https://e-history.kz/ru/news/show/32519/>
4. <https://qazaqtimes.com/article/76686>
5. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.